М. ДУЛАТОВ ат.
ҚОСТАНАЙ
ИНЖЕНЕРЛІК-
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚИнЭУ

ҚОСТАНАЙ
М. ДУЛАТОВ
АТЫНДАҒЫ
ИНЖЕНЕРЛІК-
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

БЕКІТЕМІН
Ғылыми кеңес төрағасы
Исмаилов А.О.
2025 жылғы 27.03 №8 хаттама

Екінші басылым

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМЫТУ ЖОСПАРЫ
6B08147 Агроэкология
2024-2029 жылдарға арналған

«Стандарттау және тағам технологиялары» кафедрасының отырысында
қаралды
2025 жылғы 20.03 №8 хаттама

Қостанай 2025

Әзірлеген:

ББББ жетекшісі, а.ш.ғ.қ, «Стандарттау және тағам технологиялары» кафедрасының профессоры
Тел.: +7 707896 52 89
қолы — Есеева Гайния Калимжановна

б-х.ғ.к., «Стандарттау және тағам технологиялары» кафедрасының қауым.профессоры
Тел.: +7 707 896 52 89
қолы — Кобланова Сауле Абдуловна

б.ғ.к., «Стандарттау және тағам технологиялары» кафедрасының қауым. профессоры
Тел.: +7 708 134 1241
қолы — Сегизбаева Ай-Гуль Сералиевна

а.ш.ғ.қ, «Стандарттау және тағам технологиялары» кафедрасының сеньер-лекторы
Тел.: +7 747 245 05 31
қолы — Тулькубаева Сания Абильтаевна

«Стандарттау және тағам технологиялары» кафедрасының аға оқытушысы
Тел.: +7 747 8505420
қолы — Назарова Жадыра Жагипаровна

««Заречное» ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» ЖШС- нің дәл және органикалық егіншілік зертханасының меңгерушісі
қолы — Тулаев Юрий Валерьевич

«Стандарттау және тағам технологиялары» кафедрасының оқытушысы
Тел.: +7 777 636 0151
қолы — Лобазова Валентина Александровна

«6В08147 Агроэкология» негізгі ББББ- ның 1-курс студенті
Тел.: +7 705 863 59 59
қолы — Косымбаев Ерасыл Канатович

1 Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

1.1 Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер

«6В08147 Агроэкология» білім беру бағдарламасын іске асыру қажеттілігі еңбек нарығының агрономия және экология саласындағы білікті мамандарға деген сұранысын қанағаттандыруға, тұрақты ауыл шаруашылығы мен қоршаған ортаны қорғау саласында заманауи технологиялар мен әдістерді қолдануға мүмкіндік беретін білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға бағдарланған. «6В08147 Агроэкология» білім беру бағдарламасының өзектілігі мен сұранысқа ие болуы табиғи ресурстарды орнықты пайдалануға және агроөндірістің тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық шешімдерді әзірлеп, енгізе алатын мамандарға жұмыс берушілер мен қазіргі еңбек нарығының қажеттілігімен айқындалады.

Білім беру бағдарламасының мақсаты - экожүйелерді талдаудың заманауи технологияларын қолдану, табиғи ресурстарды басқару және экологиялық таза практикаларды енгізуді қоса алғанда, ауыл шаруашылығын орнықты дамытудың өзекті міндеттерін шеше алатын агроэкология саласындағы жоғары білікті мамандарды даярлау.

6В08147 «Агроэкология» білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Ұлттық біліктілік шеңберіне, кәсіптік стандарттарға сәйкес, Қазақстан Республикасының Жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласын, жұмыс берушілер мен басқа да мүдделі тараптардың ұсыныстарын, сондай-ақ Университеттің даму бағдарламасын ескере отырып әзірленді.

Білім беру бағдарламасын дамытудың стратегиялық бағыттары Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасында және Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамасында айқындалған Қазақстан Республикасының ұлттық басымдықтарымен үйлестірілген.

Білім беру бағдарламасын іске асыру тұрақты ауыл шаруашылығы, жер ресурстарын ұтымды пайдалану және сақтау, топырақ құнарлылығын басқару, агроэкологиялық мониторинг және ауыл шаруашылығы өндірісінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету салаларында кәсіби құзыреттері бар мамандарды даярлауға бағытталған. ББ мазмұны мен даму бағыттары Қостанай облысының агроөнеркәсіптік кешенінің қажеттіліктерін, қазіргі экологиялық сын-қатерлерді және ауыл шаруашылығы өндірісіне инновациялық технологияларды енгізу қажеттілігін ескереді.

«6В08147 Агроэкология» білім беру бағдарламасының даралығы мен бірегейлігі оның «Қазақстанда дуальды білім беретін агроэкология бойынша бакалавриат бағдарламасын әзірлеу / AGROKAZ» Erasmus+ халықаралық жобасы шеңберінде «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ-пен бірлесіп әзірленгендігінде. Білім беру бағдарламасы білім алушыларға жетекші агроэкологиялық және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының базасында ғылыми-зерттеу жұмыстарына, тағылымдамалар мен практикаларға қатысуға бірегей мүмкіндік береді, бұл кәсіби құзыреттердің қалыптасуына және агроэкология саласында бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының Жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласында ауыл шаруашылығы қызметінің агроэкожүйелерге теріс әсерін барынша азайту мақсатында табиғатты қорғау іс-шаралары барысында қолданылатын технологияларға ерекше назар аударылады. «6В08147 Агроэкология» білім беру бағдарламасы осы саланы ұзақ мерзімді дамытуға және орнықты даму мен қоршаған ортаны қорғау қағидаттарын агроөндірістік үдерістерге кіріктіре алатын болашақ мамандар буынын даярлауға бағытталған.

«6В08147 Агроэкология» білім беру бағдарламасының түлектері өңірлік және халықаралық еңбек нарығында сұранысқа ие болады. Олар экологиялық қауіпсіз технологияларды әзірлеп, енгізе алады, табиғи ресурстарды басқарады және агрономия мен

экология саласында негізделген шешімдер қабылдау үшін деректерді талдайды, бұл компанияларға орнықты даму сын-қатерлеріне тиімді бейімделуге мүмкіндік береді.

6B08147 «Агроэкология» білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының даралығы мен бірегейлігі Қазақстан Республикасының ұлттық басымдықтары мен өңірлік еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, тұрақты ауыл шаруашылығы, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және агроөнеркәсіптік кешеннің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мамандар даярлауға бағытталуымен айқындалады. Даму жоспары халықаралық тәжірибені, оның ішінде Erasmus+ AGROKAZ жобасының нәтижелерін, Университетті дамытудың стратегиялық бағыттарын және Қостанай облысы аграрлық секторының ерекшеліктерін ұштастыруға негізделген.

Даму жоспарының ерекшелігі - дуальды және практикаға бағдарланған оқытуды дамытуды, аграрлық ғылымның заманауи жетістіктері мен жұмыс берушілердің сұраныстарын ескере отырып пәндер мазмұнын өзектендіруді, агроэкологиялық мониторинг, топырақ құнарлылығын сақтау және жер ресурстарын ұтымды пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеу қызметін кеңейтуді көздейтін білім беру бағдарламасын жетілдіруге кешенді тәсіл. Кадрлық әлеуетті нығайтуға, профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыруға, материалдық-техникалық базаны жетілдіруге және заманауи білім беру технологияларын енгізуге елеулі көңіл бөлінеді.

Кәсіптік практикаларды, бірлескен зерттеулер мен ғылыми-практикалық іс-шараларды ұйымдастыру арқылы Қостанай облысының ауыл шаруашылығы кәсіпорындарымен, ғылыми-зерттеу және табиғатты қорғау ұйымдарымен өзара іс-қимылды кеңейту маңызды бағыт болып табылады. Көзделген бағыттарды іске асыру білім беру бағдарламасының дамуын өңірдің агроөнеркәсіптік кешенінің қажеттіліктерімен үйлестіреді және ББ-ны дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған жоспарының нысаналы индикаторларына қол жеткізуге бағдарланған.

Атап айтқанда, практикаға бағдарланған даярлауды дамыту Қостанай облысының ауыл шаруашылығы кәсіпорындарымен, ғылыми-зерттеу және табиғатты қорғау ұйымдарымен ынтымақтастық жасау, жұмыс берушілерді білім беру үдерісіне тарту және кәсіптік практикаларды ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етіледі.

ББ-ның ғылыми-зерттеу құрамдасын дамыту профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушыларды топырақ құнарлылығын сақтау, жер ресурстарын ұтымды пайдалану, ауыл шаруашылығы аумақтарын агроэкологиялық бағалау және агроөндірістің экологиялық қауіпсіз технологияларын енгізумен байланысты зерттеулерге тартуға бағытталған.

Даму жоспарының халықаралық құрамдасы Erasmus+ AGROKAZ жобасының нәтижелерін пайдалануға, академиялық ынтымақтастықты кеңейтуге, оқытушылардың біліктілігін арттыруға және заманауи білім беру технологияларын енгізуге негізделген.

Даму жоспарының іске асырылуына мониторинг 2-бөлімде ұсынылған нысаналы индикаторлар, оларға қол жеткізу серпіні, жұмыс берушілердің қажеттіліктері және кәсіби саладағы өзгерістер ескеріле отырып жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері білім беру бағдарламасын одан әрі жетілдіру бағыттарын айқындау үшін пайдаланылады.

Осылайша, даму жоспары мазмұнның дәйекті жаңартылуын қамтамасыз етіп қана қоймай, өзгермелі климат, ресурстар тапшылығы және экологиялық сын-қатерлер жағдайында тиімді жұмыс істей алатын мамандарды даярлаудың бірегей моделін қалыптастырады. Ол университеттің орнықты даму қағидаттарына бейілділігін көрсетеді және агроэкология саласының қазіргі сын-қатерлеріне жауап береді.

1.2 ББ-ны дамытуға арналған ішкі жағдайлар

Университеттің аудиториялық қоры 106 кабинет пен аудиториядан тұрады, оның ішінде: 12 мамандандырылған кабинет, 33 зертхана, 6 компьютерлік сынып, 48 оқу аудиториясы, 2 спорт залы, 2 конференц-зал, Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы, 1 бейнежазба студиясы, 2 мектеп (Кәсіпкерлік мектебі және IT-мектеп). Кітапхананың жалпы

қоры 396717 дананы құрайды.

Білім беру бағдарламасын іске асыру үшін «Стандарттау және тағам технологиялары» кафедрасында 14 орынға арналған жалпы ауданы 36,3 м² «Топырақ-агрохимиялық зерттеулер зертханасы» және «Экология және егіншілік зертханасы», 17 орынға арналған жалпы ауданы 39,9 м² «Өсімдіктерді қорғау» мамандандырылған кабинеті, 16 орынға арналған жалпы ауданы 47,7 м² «Стандарттау және сертификаттау» мамандандырылған аудиториясы, 24 орынға арналған жалпы ауданы 82,1 м² «Химия» зертханасы, 20 орынға арналған жалпы ауданы 63,3 м² «Астықты сақтау және өңдеу технологиясы» зертханасы, 7 орынға арналған жалпы ауданы 18,2 м² «Менеджмент жүйелері» мамандандырылған аудиториясы, әрқайсысы 27 орынға арналған жалпы ауданы 48,8 м², 49,4 м² және 49,5 м² оқу аудиториялары, сондай-ақ жалпы ауданы 1169,9 м² спорт кешені мен жаттығу залы бар. Практикалық жұмыстарды өткізу үшін университеттің аудиториялық қорындағы зертханалар үнемі жаңартылып, жаңғыртылып және жаңадан құрылып отырады.

Дуальды оқыту бағдарламасын қамтамасыз ету үшін «Заречное ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» ЖШС, «Жазкен Жиембаев атындағы Қазақ өсімдіктерді қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты» ЖШС Қостанай филиалы сияқты кәсіпорындармен шарттар жасалды.

Білім беру бағдарламасы білім алушыларға білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында көзделген кәсіптік практиканың барлық түрінен өту мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

«6В08147 Агроэкология» ББ практика базасын қалыптастыру үшін ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитетінің «Агрохимиялық қызметтің республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы» РММ Солтүстік-Батыс филиалы, «Заречное ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» ЖШС, «Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі «Қазгидромет» ШЖҚ РМК-ның Қостанай облысы бойынша филиалы, «ТЭРРА» ШҚ, «Қазақстан экологиялық қызметі» ЖШС және басқа кәсіпорындармен шарттар жасасу жоспарлануда.

1.3 Білім беру бағдарламасын іске асыратын ПОҚ туралы мәліметтер

«6В08147 Агроэкология» білім беру бағдарламасын «Стандарттау және тағам технологиялары» кафедрасы іске асырады.

Білім беру бағдарламасы шеңберінде 19 оқытушы, оның ішінде 10 ғылым кандидаты және 2 қосымша қызмет атқарушы сабақ береді. Ғылыми дәрежесі бар ПОҚ үлесі - 55%, штаттағы ПОҚ үлесі - 84,2%.

Қазіргі уақытта «6В08147 Агроэкология» ББ-ны іске асыратын кафедра оқытушылары оқу үдерісінде интерактивті дәрістер, зертханалық жабдықтарды пайдалана отырып өткізілетін практикалық сабақтар және далалық зерттеулер сияқты заманауи білім беру технологияларын белсенді қолданады. Сонымен қатар кейс-әдістер мен жағдаяттық тапсырмалар пайдаланылады, бұл білім алушылардың агроэкология саласындағы талдамалық және практикалық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Дәрістер оқуға, семинарлар мен практикалық сабақтар өткізуге негізгі ведомстволар мен ұйымдардың басшылары, ауыл шаруашылығы саласының жетекші мамандары тартылады. Ауыл шаруашылығы практиктерін тарту теорияны практикамен ұштастыруға және түлектердің кәсіби ортаға тез бейімделуіне ықпал етеді.

«Қазақстанда дуальды білім беретін агроэкология бойынша бакалавриат бағдарламасын әзірлеу / AGROKAZ» Erasmus+ халықаралық жобасын іске асырудың арқасында «Агроэкология» білім беру бағдарламасының оқытушылары шетелдік оқу және ғылыми мекемелерде білім алып, тәжірибе алмасуға бірегей мүмкіндік алады. Халықаралық тағылымдамаларға қатысу олардың теориялық білімін жетілдіріп, практикалық дағдыларын дамытуына ғана емес, сонымен қатар озық шетелдік тәжірибені білім беру үдерісіне

кіріктіруіне мүмкіндік береді.

AGROKAZ бағдарламасы ғылыми-әдістемелік базаны нығайтуға ықпал етеді және оқытушыларға дуальды оқытудың үздік практикаларын енгізуге көмектеседі, бұл өз кезегінде түлектердің халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Кафедраның ПОҚ-ы салалардың қажеттіліктерін ескере отырып ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады. Атап айтқанда, ғылыми конференцияларға белсенді қатысады, ғылыми журналдарда мақалалар жариялайды, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік етеді және диссертациялық зерттеулерге рецензия береді.

Кафедра ПОҚ-ының ғылыми-зерттеу жұмыстарының перспективалық бағыттары: «Қазақстанда агроэкология бойынша дуальды білім берудің бакалавриат бағдарламасын әзірлеу», «Органикалық өнім саласындағы зерттеулер», «Қостанай облысы бойынша өнім сапасын талдау», «Агроөнеркәсіптік кешенді функционалдық және диеталық тағам өнімдері өндірісімен қамтамасыз ету».

ПОҚ мақалалары мерзімді жинақтарда (ҚР БҒМ БҒСБК), сондай-ақ импакт-факторы бар Thomson Reuters, Scopus және т.б. журналдарда жарияланған.

2 Университетті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған стратегиялық бағыттарына қол жеткізуге байланысты сапа саласындағы нысаналы индикаторлар

Мақсаттар мен индикаторлардың атауы	Өлшем бірл.	Есепті кезең, 2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл	2029 жыл	барлығы	Жауапты орындаушылар	Аяқталу нысаны
1-мақсат. Өңірлік экономика мен жаһандық еңбек нарығының қажеттіліктеріне сай жаңа үлгідегі білімді тұлғаны қалыптастыру											
1. Оқуды аяқтағаннан кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі (түлектердің жалпы санынан)	%	-	-	-	-	84	84	85	84	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ЦК	Кафедра отырысының хаттамасы
2. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша ЖОО-ны аяқтағаннан кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі	%	-	-	-	-	85	86	86	85	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ЦК	
3. ББ-ға түскен «Алтын белгі» иегерлерінің, соңғы үш жылдағы халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстары жеңімпаздарының, ағымдағы оқу жылындағы президенттік және республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстары жеңімпаздарының (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) саны	адам	-	-	-	-	1	1	1	3	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ОСПК	Қабылдау туралы бұйрық
4. ЖОО түлегінің орташа жалақы деңгейінің ҚР бойынша орташа айлық жалақыға арақатынасы	%	-	-	-	-	0,70	0,71	0,72		кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ОАК	Есеп
2-мақсат. Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлға тәрбиелеуге бағытталған күш-жігерді біріктіру											
1. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар ББ білім алушыларының саны	адам	-	-	1	1	1	1	1	5	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ЦОС	Есеп
2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін жағдайлардың қамтамасыз етілу деңгейі (оқу бағдарламалары, лифтілер, пандустар, тұтқалар және т.б.)	%	-	-	100	100	100	100	100	100	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, УРиЭИ	Есеп
3. Жатақханада тұратын білім алушылардың саны	адам	-	1	1	1	1	1	1	6	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ОМП	Есеп
4. Волонтерлік қызметпен айналысатын білім алушылардың саны	адам	-	1	1	1	1	1	1	6	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ОМП	Есеп

5. ЖОО-ның, ауданның, қаланың қоғамдық өміріне белсенді қатысатын білім алушылардың саны	адам	-	1	1	1	1	1	1	6	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ОМП	Есеп
6. Студенттік ұйымдардың, студенттік клубтардың және жастар ісі жөніндегі комитеттердің қызметіне тартылған білім алушылардың саны	адам	-	1	1	1	1	1	1	6	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ОМП	Есеп
3-мақсат. Өсу мен орнықты дамуды қамтамасыз етудің стратегиялық басымдығы ретіндегі интернационалдандыру											
1. ББ бойынша жоғары білім беру жүйесінде оқитын шетелдік студенттердің саны	адам	-	1	1	1	1	1	1	6	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ЦОС	Бұйрық
2. QS рейтингінің Top-700 / QS by subject рейтингінің Top-100 қатарына кіретін серіктес ЖОО-лармен қос дипломды білім беру шеңберінде ББ бойынша білім алушылар саны	адам	-	-	1	1	1	1	1	5	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ОР, ЦМС	Бұйрық
3. ЖОО базасында орындалатын халықаралық ғылыми және білім беру жобаларының саны	адам	-	1	1	1	1	1	1	1	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ЦМС	Есеп
4. Біліктілігін арттырудан және шетелдік тағылымдамадан өткен ББ ПОҚ саны	адам	-	20	20	20	20	20	20	20	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, СУП	Есеп
5. ЖОО қаражаты есебінен қаржыландырылатын академиялық ұтқырлық шеңберіндегі білім алушылар саны	адам	-	-	1	1	1	1	1	5	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ЦМС	Бұйрық, білім алушылардың транскрипті
6. h-индексі жоғары тартылған шетелдік ғалымдар саны	адам	-	1	1	1	1	1	1	6	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, СУП	Есеп
4-мақсат. Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып білім беру бағдарламаларын жаңарту											
1. Онлайн курстар әзірленген пәндердің үлесі	%	100	100	100	100	100	100	100	100	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ЦДО	Хаттама
2. Аралық және қорытынды аттестаттауды өткізуді қамтамасыз ету үшін прокторинг жүйесін пайдалану	%	100	100	100	100	100	100	100	100	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ЦДО	Есеп

3. Қолданылатын жүйелердің жалпы санындағы енгізілген мәтіндік сәйкестікті анықтау ақпараттық жүйелерінің үлесі (келісімнің болуы)	%	100	100	100	100	100	100	100	100	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ОЦиИТ	Есеп
4. ЖОО-ның онлайн білім беру порталының жұмыс істеуі	факт	+	+	+	+	+	+	+		кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ОЦиИТ	Есеп, сілтеме
5. Цифрлық платформаны пайдалана отырып жүргізілген зерттеулер саны	бірлік	-	-	1	1	1	1	1	5	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, СНИ	Есеп
6. Оқу үдерісіне тартылған жұмыс берушілер мен бизнес құрылымдар өкілдерінің саны	адам	-	2	2	2	2	2	2	18	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, СУП	Есеп
7. Оқу үдерісіне енгізілген электрондық ресурстар санының өсуі	%	-	0,3	0,4	0,5	0,6	0,7	0,8		кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, кітапхана	Есеп
8. Оқыту үдерісінде қашықтан білім беру технологияларын пайдалану	%	100	100	100	100	100	100	100	100	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ЦДО	Есеп
5-мақсат. ЖОО мүмкіндіктерін ескере отырып инфрақұрылымды дамыту және кірістерді әртараптандыру											
1. Білім беру үдерісінде пайдаланылатын виртуалды зертханалар саны	бірлік	-	-	-	-	1	1	1	3	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, СНИ	Есеп
2. Енгізілген виртуалды зертханалар саны	бірлік	-	-	-	-	1	1	1	3	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, СНИ	Есеп
3. ЖАО және бизнес өкілдерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалар саны	бірлік	-	-	-	-	1	1	1	3	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, СНИ	Есеп
4. ЖАО және жұмыс берушілер қаражаты есебінен берілетін гранттар саны	бірлік	-	-	-	-	-	1	1	2	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, СНИ	Есеп
6-мақсат. Корпоративтік басқаруды, менеджментті және кадрлық әлеуетті дамыту											
1. Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттары бар ПОҚ саны	адам	-	-	1	1	1	2	2	7	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, СУП	Есеп

7-мақсат. Зерттеу экожүйесін құру											
1. Білім беру және зерттеу жобаларына қатысатын ЖОО ПОҚ саны	адам	-	-	1	1	1	1	1	5	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ЦМС	Есеп
2. ЖОО қызметкерлері мен білім алушылары іске асырған стартап-жобалар санының ЖОО базасында іске асырылатын жобалардың жалпы санына қатынасы	бірлік	-	-	-	1	1	1	1	4	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ОМК	Есеп
3. Ғылыми-зерттеу қызметіне ЖОО грантын алған жас ғалымдар саны	бірлік	-	-	-	1	1	1	1	4	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, СНИ	Есеп
5. Рейтингтік басылымдардағы жарияланымдар саны	бірлік	-	-	1	1	1	1	1	5	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, кітапхана	Есеп
6. Тартылған жас зерттеушілер саны	бірлік	-	-	1	1	1	1	1	5	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, СНИ	Есеп
7. Университет базасындағы қаржыландырылатын білім беру және зерттеу жобаларының саны	бірлік	-	-	-	1	1	1	1	4	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, СНИ	Есеп

3 ББ тәуекелдерінің ықпалын төмендету жөніндегі іс-шаралар

Ықтимал тәуекел	Тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар	Жауаптылар және іске асыру мерзімдері
1	2	3
Сыртқы тәуекелдер		
1. Оқу материалдары мен ресурстарының жеткіліксіздігі	Агроэкологиядағы соңғы үрдістерге сүйене отырып оқу материалдарын жүйелі жаңарту жүйесін енгізу.	ББ жетекшісі, АКРОП, ПОҚ, 2024 жылғы қабылдау
	Erasmus+ «AGROKAZ» халықаралық жобасы шеңберінде оқу материалдарымен алмасу және агроэкология саласындағы озық зерттеулерге қол жеткізу үшін халықаралық университеттермен және зерттеу орталықтарымен әріптестік келісімдер жасау.	ББ жетекшісі, АКРОП, ПОҚ, 2024-2030 жылдар
2. Практикалық сабақтар мен өндіріс саласымен өзара іс-қимылдың жеткіліксіздігі	Нақты деректер мен технологияларды пайдалана отырып практикалық сабақтарды, далалық зерттеулер мен тағылымдамаларды ұйымдастыру үшін аграрлық кәсіпорындармен және ғылыми-зерттеу орталықтарымен ынтымақтастықты тереңдету.	ББ жетекшісі, АКРОП, ПОҚ, 2024-2030 жылдар
	Компаниялардың нақты міндеттері негізінде міндетті жобалық жұмыстарды енгізу.	ББ жетекшісі, АКРОП, ПОҚ, 2024-2030 жылдар
	Агроэкологиялық зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін студенттік зертханаларды ұйымдастыру.	ББ жетекшісі, АКРОП, ПОҚ, 2024-2030 жылдар
3. Еңбек нарығындағы және мамандарға қойылатын талаптардағы өзгерістер	Курстар мен пәндерді жедел жаңарту мүмкіндігі бар оқу жоспарының икемділігін дамыту.	ББ жетекшісі, АКРОП, ПОҚ, 2024-2030 жылдар
4. Білім беру бағдарламасының өңірлік ауыл шаруашылығы, ғылыми-зерттеу, табиғатты қорғау ұйымдарымен және мемлекеттік мекемелермен өзара іс-қимылының жеткіліксіз деңгейі	Агроэкология, тұрақты егіншілік және ауыл шаруашылығы өндірісінің экологиялық қауіпсіздігі мәселелері бойынша бірлескен дөңгелек үстелдер, ғылыми-практикалық семинарлар, шеберлік сабақтары мен қонақ дәрістер өткізу.	ББ жетекшісі, АКРОП, ПОҚ, 2024-2030 жылдар
	Қостанай облысының ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен ғылыми ұйымдары базасында көшпелі сабақтар, далалық зерттеулер және практикалық кездесулер ұйымдастыру.	
	Жерді агроэкологиялық бағалау, топырақ құнарлылығы және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласында қолданбалы зерттеулер жүргізу бойынша өңірлік ұйымдармен ынтымақтастықты дамыту.	
	Мектеп оқушылары, колледж білім алушылары және аграрлық ұйымдар өкілдері үшін кәсіптік бағдар беру және экологиялық ағарту іс-шараларын өткізу.	
	Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының, ғылыми ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің мамандарын оқу сабақтарын өткізуге және ББ мазмұнын талқылауға тарту.	

Ішкі тәуекелдер		
1. ПОҚ-тың шет тілдерін меңгеру деңгейінің жеткіліксіздігі	Университет оқытушылары үшін шет тілдерін тереңдетіп оқыту курстарын өткізу.	кафедра меңгерушісі, ПОҚ: 2024 ж. - 1 адам, 2025 ж. - 1 адам, 2026 ж. - 1 адам, 2027 ж. - 1 адам, 2028 ж. - 1 адам, 2029 ж. - 1 адам, 2030 ж. - 1 адам
2. Ғылыми-зерттеу жұмысы (ҒЗЖ) саласындағы белсенділіктің жеткіліксіздігі	Агроэкология саласындағы ҒЗЖ-ны дамытуға бағытталған ұлттық және халықаралық гранттарды белсенді іздеу.	ББ жетекшісі, ПОҚ, 2024-2030 жылдар
	Өзекті практикалық деректер мен қаржыландыру алу үшін агрокәсіпорындар мен экологиялық ұйымдарды ғылыми-зерттеу қызметіне тарту.	
	Білім алушылар оқытушылардың жетекшілігімен ғылыми зерттеулер жүргізетін студенттік ғылыми үйірмелер мен зертханаларды ұйымдастыру.	
3. Білікті оқытушылардың жетіспеушілігі	Негізгі кадрларды ұстап қалу үшін ынталандыру жүйесін құру.	кафедра меңгерушісі, ПОҚ, 2025-2030 жылдар
	Саланың жетекші сарапшыларын шақырылған оқытушы ретінде тарту үшін олармен шарттар жасасу.	
4. Экономикалық тұрақсыздық	Студенттерді қолдау үшін оқу ақысын икемді төлеу бағдарламаларын немесе стипендиялық бағдарламаларды енгізу.	кафедра меңгерушісі, ПОҚ, 2025-2030 жылдар

4 ББ-ның SWOT-талдауы

Күшті жақтары	**Әлсіз жақтары**
Еңбек нарығында сұранысқа ие ББ бойынша білім алушыларды даярлау ПОҚ біліктілігін арттыру Мансап жолдарының икемділігі мен алуантүрлілігі: білім алушылар әртүрлі салаларда жұмыс істей алады Аграрлық және экологиялық кәсіпорындармен жолға қойылған ынтымақтастық Бағдарламаның инновациялық сипаты. Бағдарлама агроэкологияда ГАЖ, тұрақты егіншілік әдістері, экожүйелерді мониторингтеуге арналған цифрлық шешімдер сияқты заманауи технологияларды енгізуге бағытталған, бұл оны талапкерлер үшін тартымды етеді Білімді практикада қолдануға басымдық беру Микробіліктілік	ББ-ның мамандандырылған аккредиттеуінің болмауы Экологиялық үдерістерді модельдеуге арналған мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етудің болмауы білім алушылардың талдамалық және зерттеу дағдыларын дамыту мүмкіндіктерін шектейді Білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуы үшін ағылшын тілін меңгеру деңгейінің жеткіліксіздігі Бағдарламаны толыққанды іске асыру үшін далалық зерттеулер мен зертханалық талдауларға арналған мамандандырылған жабдықтар базасын жаңарту және кеңейту қажет, бұл қымбат болуы және елеулі ресурстарды талап етуі мүмкін
Мүмкіндіктер	**Қауіптер**
Білім беру бағдарламасын негізгі жұмыс берушілердің мүдделерін ескере отырып ҚР Жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласына және кәсіптік стандарттарға бейімдеу Агроөнеркәсіптік кәсіпорындармен және экологиялық ұйымдармен ынтымақтастықтың дамуы бағдарламаның сұранысқа ие болуын арттырады Халықаралық ынтымақтастық мүмкіндіктері Гранттар және мемлекеттік қолдау бағдарламалары Оқыту сапасының тиімділігін арттыру Университеттің ішкі жүйесінің сапасын жақсарту	Білім беру бағдарламаларының әлемдік және республикалық нарығындағы бәсекелестіктің күшеюі Білім беру және агроэкология саласындағы мемлекеттік саясаттың өзгеруі Білім беру бағдарламасының жеткіліксіз қаржыландырылуы Студенттер түлеп шыққанға дейін ББ-ның «Атамекен» рейтингтеріне қатыса алмауы Талапкерлердің агроэкологияға қызығушылығының төмендеуі Экономикалық тұрақсыздық Инновациялық технологиялар мен оқыту әдістерінің жетіспеушілігі Басқа университеттер немесе компаниялар ұсынатын неғұрлым тиімді ұсыныстарға байланысты жоғары білікті оқытушылардан айырылу

Мынадай өзгерістер енгізілді:

1. 1.1 «Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер» бөлімі білім беру бағдарламасының Қазақстан Республикасының ұлттық басымдықтарымен, агроөнеркәсіптік кешенді, экологиялық саясатты және жоғары білімді дамытудың стратегиялық бағыттарымен үйлесімділігін ашатын ережелермен толықтырылды. Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының бірегейлігі туралы ақпарат ББ-ның жеке ерекшеліктерінің дамудың нысаналы индикаторларына қол жеткізумен, халықаралық ынтымақтастықпен, ғылыми-зерттеу қызметімен және өңірдің агроөнеркәсіптік кешенінің қажеттіліктерімен байланысын ашатын ережелермен толықтырылды.
2. 3 «ББ тәуекелдерінің ықпалын төмендету жөніндегі іс-шаралар» бөлімі профессор-оқытушылар құрамының өңірлік ауыл шаруашылығы, ғылыми-зерттеу және табиғатты қорғау ұйымдарымен өзара іс-қимылын кеңейту жөніндегі бірлескен ғылыми-практикалық іс-шараларды, қолданбалы зерттеулерді, көшпелі сабақтар мен кәсіптік бағдар беру жұмыстарын өткізуді көздейтін іс-шаралармен толықтырылды.
3. Өңірлік өзара іс-қимыл іс-шаралары үшін жоспарлы іске асыру мерзімдері, жауапты орындаушылар және сандық көрсеткіштер айқындалды.